



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

030004, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы,
Қарғалы т.а., Н.Байғанин көшесі 2А
тел./факс: +7 (7132) 41-01-36
e-mail: m.arin2020@mail.ru, aryn-akt.edu.kz

030004, город Актюбе, район Алматы
ж.м. Каргалы, улица Н.Байганина 2А
тел./факс: +7 (7132) 41-01-36
e-mail: m.arin2020@mail.ru, aryn-akt.edu.kz

2023 жылғы «1» қыркүйек

№ 204

**М.Арын атындағы Қарғалы қазақ
орта мектебінде 2023-2024 оқу
жылының басталуын, ұзақтығын және
каникул кезеңдерін айқындау туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Қ.Дүйсеновтың 2023 жылғы 25 тамызы күні білім саласы қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесінің бірінші пленарлық сессиясының ашылуында 2023-2024 оқу жылының ұзақтығы 34 апта және аяқталуы 25 мамыр болуы туралы тапсырмасына, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы 29 тамыздағы 01-2-15/5174-И хаты, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №363 бұйрығы, Ақтөбе қаласы білім бөлімінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №277 бұйрықтары негізінде 2023-2024 оқу жылына белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдасқан түрде бастау мақсатын БҰЙЫРАМЫН:

1. М.Арын атындағы Қарғалы Қазақ орта мектебінде 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын.

- 1) 2023-2024 оқу жылының басталуы - 2023 жылғы 1 қыркүйек;
- 2) Оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы;
- 3) Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
1-11 сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы каникул – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі каникул – 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда);

1 - сыныптарда қосымша каникул 7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан бастап 11 ақпанды қоса алғанда);

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Б.Нурсултановқа жүктелсін.



Ж.Т.Жанайдаров